



Ел жүргі - елорда шекіресі

АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

«ӨЛЕҢІМ, СЕН АМАН БОЛ БҮЛ ДУНИЕДЕ...»

Ақын Марфуға Бектемірова жырлары жайлы



Абайдың әлеуметтің теріс мінез-құлқын, пиғылын жаны күйіп сынаған
ұйтты жырлары әуелі адамзат, сосын қазақтың кемшін жағын әшкереледі...

*Кімге керек жасарып, құлтырғаның?
Тон ішінде білемін кім тұрғанын.
Сезбейсің-ау, сезбейсің, ел басына,
Туган тілді қорғайтын күн тұганын.*

Осылай деп Марфуға жазған төрттаған-рубайлар әлеуметтік өткірлігімен, іштей арбасқан, алауыз қоғамды дәп бейнелер шыншылдығымен, түйінді ойды 4 жолға сыйғызған шеберлігімен баурайды. Көз алдыңа бұлғын ішік, құндызы ішік кигенмен имани кіслікті менсінбес, байлық буымен масайрап, болып-толған біраз әйел портреті тізіліп тұра қалды. Ысырапшыл, қара қазақты адам қатарына санамайтын биліктегі кей әйел заты. Қағынан жеріген құландаған тегіне тартуға құлықсыз, жоғары лауазымды, гендерлік керден ханымдар. Сондықтан ақын «Өзің сүйген қазағың орыстан да жат болар» деп күйінуі бекер емес.

*Сырт тазасы не керек,
Тазарт әуел ішиңді!*

Үмбетей жырау жесір дауында, қазақта Қабанбайдан аскан батыр жоқ деп
Төле би баға беретін қас батырға қаймықпай айтты.

Марфуғаның төрттағандарында адам мінездерінің кішігірім галереясы бар. Исі адамзат бойындағы жамандықты жиі әжүа қылған, XVIII ғ. орыс қоғамын сатирамен бейнелеген шыншыл ақын Иван Крыловтың мысалдарындағы нысанаға дәп тиеді.

*Арам тер бол жасу үшін басышыға,
Күлмес жерде күлкі жинау жақсы ма?
Жұрт алдында құтыңдайсың тұлқідей,
Шыға бере айналасың қасқырга.*

Бұл құбылғыш бейнеден әркім өзі танитын біреуді дәл көретіні жалған болmas.

*Бұл дүниенің байлығы – лай ғой ақжан,
Адамдар дандаисуды қайдан тапқан?
Қара жерге бір түп ағаш ексең,
Сол ағаш орман болса, соган мақтан.*

Марфуға қазақтың бағзы дана қарияларынан қалған «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген нақылын өлеңге көркем өріп отырған жоқ па! Жер бетінде бәрі бір-бірімен өзара байланысқан, жері сұлудың елі сұлу. Жер көркі – орман-су. Ол ластанса, өмір кермектенер.

Адам нәсілі материалдық құндылыққа бағынған сайын, ар-ұят, иманнан безіп, ақшаның құлына айналса, одан рухани әлемнің ак періштелері, адамды жамандықтан сақтап, қорғап жүретін нұрлы күш иелері шошынып, қарадай безінеді: «Періште тәменшіктеп, қайғы жемек» (Абай). Тылсым дүниенің эзотерикалық тылсымын сезіп, жер бетінде ізі қалған небір даналық мұраны зерттеген игі ғұламалар мұның сырын терең білген. Адам рухы тек көзге көрінер әлемге бағынбайды. Құпия құдірет күшіне ештеңе жетпейді.

*Адалдық қыл көпірдің үшінда тұр,
Қарғалар қарқ-қарқ етіп үшіп жатыр.
Шортандар шортан болып туламай-ақ,
Торына құ мансаптың түсіп жатыр.*

Ерлердің рухы құлдилап кетуі. Нәпсі мен ашкөз жемірлікке бойұсыну түбі опық жегізері жарық дүниеде қайталана беретін шырғалан. Мұның бәрін Марфуға жалған мәдениеттің жалғанды билеп алуынан сезеді: «Қофам, / Ақыннан, / Құтылмақ болып жатыр. /Құтыла алмай, / Қол-аяғы, / Тыптырап жатыр».

*Заманақыр,
Құннің көзі тұтылған,
Аштық жүрді жер бетінде құтырған.*

*Кеудесінде үзілмеген жасы бар,
Бір сәбиді құзғын шоқып отырған.*

Қазақ халқын өткен ғасырда геноцид – құрдымға жіберуге жасалған аштық тақырыбын Смағұл Елубаев «Ақ боз үй» атты романында жазды. Ол өлеңде ірім тартса ұрпақ жадына үзілмес аманат.

*Сендерше – менің орным,
От басы, ошақ қасында.
Көсөу ұстазан қолымның
Дәрмені жоқтай жазуга.*

Мариям Хакімжанова ақын апасынан бата алған Марфуга Бектемірова әйелдің ақын болғаны салмағы екі есе ауыр екенін ұқтыратын сарынды көніл түпкіріне бүгіп қалмай жазғаны дұрыс. Өйткені ақын жаны нәзік, соны біліп қасақана жарапайтын қаймана жұрт бар. Абай «Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, / Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып» десе, азы шындықты айтты. «Өңшең надан антүрған» (Абай) қарадай күйгізген соң, екіжүзді іштарлықтан әбден мезі болған соң ақын өзін солай жұбатты. Марфуга «Қарғадайын қарасындар. / Өсектерің – мың бір тұндей» деп бекерге налымайды. «Күншілдер қыр соңымнан куа бермек». Былайғы жұртқа бұл әсірелеу, ақын пенделікке салынып, артық айтқан, жалалы сөз сияқты көрінуі бек мүмкін. Қызғаныш, сұқ, көре алмаушылыққа құл жандар өмірде қатерлі дүшпан екенін басына түскендер біледі.

*Тып-тыныш бол жатсам көрде,
Рахатқа шын батасыңдар.
Аққу болып жүзсем көлде,
Көздең тұрып атасыңдар.
Жаны нәзік ақынды тым күйреуік деу бекер. Рухы мықты Марфузға.
Тынышымды алды тағдыр ылаңы,
Әмір мені сындырыды да, құрады.
Әйелдігімді бұлдамаймын өмірде,
Өлеңімнің өзі неге тұрады?*

Осы біздің қазақта әйелдігін пұл қылып бұлдайтын, сонысын ұят, ерсі санамайтын, егер де шындықтан таймас әділ бәсеке болса қыр аса алмай қалатын қаншама төмен етекті бар.

Ақын жанына зұлымдық өлердей батпаса, бейбіт күнде көнілін нілдей бұзған қапаға қайрылғыштап күйінішпен жыр жазбас еді.

*Кейбір надан жүрсө дейді көрінбей,
Әмір оның сатып алған төріндей.
Соғып жатқан жүрек барда кеудемде,
Жырым менің тұра алмайды төгілмей.*

Япымдау, ақынның осы сөзі рас. Шығармашылық иелері мұның сырын әбден біледі. «Қараның ісі – қара дақ, қалады мәңгі, / Көз ілмей кейде күтемін жаралы таңды» деп Марфуға қызылкөз қызғаныштың құрбаны болудың азабын білген соң айтады. Құдайдан бақ, талант алдым дегенше, өнерге анталаған бықсық пиғылдардан лағынет қарғыс алдым дей бер. Балға үймелеген қара шыбындай анталап қаныңды сорады. Аяр күншілден қорғану амалдарын ақыры біліп барып қана күйініш, реніштен құтыласың, тым құрыса қайтіп маңыңа маңайлатпауга тырысасың. Жамандықтары ұлғая келе құбыжыққа айналғасын түбі өздерін жарға жығады.

*Мениң аппақ көңілімді жылан бол,
Аямастан шағып алды бір апай.*

Ақын түйіні «Адалдықпен ағарсын тек ақ шашың» деп иманға үндейтін «Сайтан» атты өлеңінде қазіргі қазақ қоғамында былықты, мекерлік бейнесін аңдатады:

*Өсек айтып, жүрген елді ойрандал,
Күнишілдердің кеудесі оған сайран-бақ.
Өзі сұмырай, сұмырайды таңдайды,
Таза жерде жүре алмайды тайраңдал.*

*Арамзаны жисинап алып елдегі,
Ойыншиғы етеді оны ермегі.
Құдайдан да қорықпайтын алдымен,
Қолпаشتайды қараниет пендени.*

*«Саған келер ажсал да жоқ, қауіп жоқ» –
Деген сөзге жетар надан қарқ бол.
Бір күні олар «құтқар» дейді Құдайза,
Сайтандардан сыйбағасын алып бол.*

Сайтан – адамның өз еркімен ізгіліктен безініп, зұлымдыққа бас июі. «Сарайларда, / Сайтан бар деп жүр ғой жүрт, / Құдайы бар кірейікші күркеме». «Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деген Жиренше шешенниң аяғы лашығынан сыртқа шығып жатады екен. Қазақ аңызында ұлтқа тән ежелгі қағида тұр: құдайшыл қанағатшылдық, тоздырмайтын адалдық.

Марфуға «Қазақ қызы ән-жырын ұмытқан ба?» деп жырға қосқандай, Сарыарқа – туған жерге деген перзенттік сағынышын Сейфолланың Сәкені шалқи жырлаған сұлу Көкшенің Айнакөлін, Шортанды көлін, аруларын, Бурабайдың биши ақ қайындарын, Арқаның кең даласын, актүтек дүлей қысын сүйіп жырлады. Сүйген жігітіне ақын қызы «Келмедің-ау жаным-ау борандарда, / Сен келмеді, келмеуің өкінішті, / Қалатындағы осылай ақ қар мәңгі» деп наз айтуы өте жарасымды.

*Қар жсауып тұр...
Біздің елде, боран бүгін,
Жатырмын,
«Ақ кебінге», ораулымын.
Ертең мені,
Көмеді қар астына, соган бола жылаймын,
Соган күнім.
Махаббат...
Шалды мені құрбандыққа,
Көңіл айтқын,
Қоштасып тұрган жүртқа.*

«Қыс деген қалың ойдың ордасы ғой», «Сүйемін Арқа қысынды қатты, боранды, / Бұрқырап өткен боранда жырым оянды. / Өмірді сүйем қыс үшін жанын қинаған». Қыс сарыны ақын үшін ансарлы, аязды түнде жыр туады. Марфуға табиғат мезгілін жүрегімен үндестіріп, кіршіксіз аппак әлемде құлпытасқа жазылар өлең – эпитафия оқуы, дәлірегі, өзін-өзі жоқтап жыр жазуы қыстың таңғажайып көркіне елігуден туған ассоциация. Бір шеті ақын атаулы тегіс жерден сүрінер – романтика. Талай ақын, кейі екі мүшелге толмай-ақ, «Мені де өлім әлдиле!» деп жырлаған Мағжанға елікте, «Мен өлемін, ажалды аңсадым» деп шалық буып, өлең жазуды мәртебе көреді. Сөз киесі ұрарын албырттықтан андамас.

Сөз байласқан жігітінің ауылы алшақ емес. Марфуғаның махаббат лирикасы қызы балаға тән ибамен, бай, мөлдір, қайталанбас әсем сезіммен келеді. Жаны буырқанып, жер-көкті орап толкуы:

*Ғасырда алғаш гашықтық деген бұл дертті,
Тоқтамай жсауған түсіндім жсауын арқылы.
Сүйгенін күтіп, сағынуы «Мың бір түн» ертегісіндей, «Әупілдектің» әніндей көрікті:
Сүйгенім менің кейтінде құстың,
Қонар ма келіп жасага?*

Адамдық махаббаты жер-көкпен ұласады. Көркемдікке жанымен ынтығады.

*Қызыу қатты қайнаган әлем,
Шоғыңды ыстық басыппын.
Аспанға... Кунғе... Айға да мен,
Ғашықтың...
Мәңгі гашықтың.*

Бір басында үш есімі бар ақын – Мархаба, Марқа, Марфуға. «Әже даусын, / Аңсап тұрам сонда да, / Марқа... Марқа... Марқалап, / Біреу мені, / Шақырса екен деп». Балалығын, ертегіге елтуін Марфуға ана болған соң да жоғалтпағандай көрінеді. «Күлше қыз» деп, ертегі кейіпкері Золушкаға

тебірене өлең арнауы соның нышаны. «Айдай сұлу жетім қыздың жүзіне, /
Көзін салмай періште де өтпеген».

Ақын қазақ елінде болып жатқан әрбір жақсылыққа жаны сүйіне қуанады.
Азаматтығы – табиғи. Оның «Оралман» атты өлеңінде бауырмал мейірім
тұнған. Оралман қауымды атамекенге ұшып келген жыл құстарына теңеуі өте
көркем ассоциация! Қазақ өз қазағын қорсынып, қорашына өлердей
жатсынса, бауырдан безіне басқа ұлт аттарымен кемсіте атаса, онда шын
бөтендер қаптаса, көресінді көрер еді. Өтірікшінің шын сөзі зая кетедінің
керіне ұшырап, соры қайнайды. Құдай оның бетін аулақ қылсын!

*Сол кішкентай,
Ұяны ізден оралған,
Атанды құс,
Өз елінде «оралман».
Ұясынан қылтияды бастары,
Ақ мамыққа,
Балапандар оралған.*

«Көкшетауым, кербезім, көгілдірім». Туған жер сарыны ақын үшін ерен
қымбат. Ол қазіргі шетел асқан қалталы жүртқа қызықпайды.

*Көрмей-ақ қойдым елді, өзге мулде,
Теңіз де табылады өз жерімде.
Дәл мендей гашық болып даласына,
Әр қазақ ие болсын өз жеріне.*

Марфуға Бектемірова асқақ рухы Көкшеден асып, Атырау-Қарауылдан асып
исі қазаққа шалқыған, халық сүйген Ақан серіге жыр арнаған. Ақан сері
бейнесі – қазақ әдебиетінде сарқылмас тақырып. Өмірінде артық туғаны үшін
шикі надандықтан қорлық шеккен, күншілдік өкшелеп, өксіп өткен Ақан сері
Құлагерімен аңыздағы кентаврдайын тұтасып кеткелі қашан. Арқада
Сағынайдың асы көшкен бұлттай дүркіреп өткелі қай заман, бірақ қас
тұлпары Құлагерімен Ақан серіні қазақ жады ешқашан ұмытпайды. Ақан
тұлғасын ер қанаты Құлагерден айырмай жоқтау Мағжан Жұмабаевтан
басталған. Жер басып тірі жүргенде Илияс Жансүгіров құсадан жаны егіліп,
көрдегі Ақанмен қоса аңырап, тірі мен өлі рухы өлеңде қауышып, құдіретті
поэма жазғанда қайран ақын бұл құсадан ұзамай өз басына түсер ажал
көлеңкесін жазбай сезінгені былайғы жүртқа ерен жүмбақ.

*Қызғанып сенен,
Табиғат берген дарынды,
Өңшең бір наған тынысы неден тарылды?
Жұынып қанмен түршигіп жатты құба бел.
Қызғаныштың құрбаны болып Құлагер.*

*Өшірмек болса,
Дауылдар сенің даусыңды,
Жоғалмас әнің, аралап кеткен тау-шыңды.
Қанишама жылдар, қанишама күндер отсе де,
Құстармен бірге оралар әнің Көкишеге.*

Марфуга «Сарайым бар, жан сарайым, жұмағым» деп тегін айтпаған. Оның жан сарайы арайлы, көркемдік әлемі нәзік, сұлу еken. Оның зор қазынасы – өлеңдері. Өмірден 55 жасқа толмай өткен ақын рухы сол жыр керуенін кейінгі ұрпак білсе, таныса деп аманаттады. Құс қауырсыныңда жұмсақ мейірім, қазақы болмыс, аққу көгі, туған жері мен елінің қасиеті, тектілігі Марфуга Бектемірованың поэзиясында бар. Балаша өкпелеп, балаша жұбанар мінезі де қолтаңбасынан білінеді. Жырларына дәстүрлі дүниетаным тән. Адал ақын, аяулы жар, асыл ана – Марфуга. Қазақтың ақын қызы – Марфуга.

Ақынның таңдамалы өлеңдері «Тобылғы тұн» деген атпен 2011 жылы «Қазығұрт» баспасынан мемлекеттік тапсырыспен шықты.